

_____ «Бекітемін»
«Шардара» мектеп – лицейінің
директоры: Құлмаханбет.Л.Ө
«___» _____ 2026 ж

«Шардара» мектеп-лицейі ауылдық тірек мектебі (ресурстық орталық) ретінде магниттік мектептермен 2026–2027 оқу жылында жүргізілетін жұмыс жоспары

Тақырыбы: «Тірек мектеп – сапалы білім мен кәсіби қолдаудың ауылдық білім беру кеңістігіндегі ресурстық орталығы»

Мақсаты: Тірек мектеп пен магниттік мектептердің өзара ынтымақтастығын жүйелі ұйымдастыру арқылы ауылдық жердегі білім алушылардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасау, оқу жетістіктерін арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру.

Тірек мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – магниттік мектептердегі білім алушыларға бейіналды және бейіндік оқытуға жағдай жасау, оқу сессияларын ұйымдастыру және сессияаралық кезеңде педагогикалық қолдау көрсету.

Міндеттері: Тірек және магниттік мектептердің оқу-тәрбие процесін үйлестіру және өзара байланысты жұмыс жүйесін қалыптастыру.

Магниттік мектеп оқушыларының білім сапасы мен оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған пәндік қолдауды ұйымдастыру.

5–11 сынып оқушылары үшін пәндік оқу сессияларын сапалы өткізу.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық және зияткерлік конкурстарға оқушыларды жүйелі дайындау.

Магниттік мектептердің педагогтеріне әдістемелік, консультациялық және практикалық көмек көрсету.

Тәжірибелі педагогтер арқылы тәлімгерлік және коучинг жұмыстарын ұйымдастыру.

Цифрлық білім беру ресурстарын, қашықтан оқыту мүмкіндіктерін және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану.

Білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін анықтап, олармен саралап жұмыс жүргізу.

Магниттік мектептердің білім сапасына тұрақты мониторинг жүргізіп, анықталған мәселелер бойынша түзету жұмыстарын ұйымдастыру.

Тірек және магниттік мектептер арасында озық педагогикалық тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру.

Оқу жылы соңында атқарылған жұмыстардың нәтижесін талдап, келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс шаралар	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	жауапты
Менеджментті ұйымдастыру				
1	Тірек және магниттік мектептердің бірлескен жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	қыркүйек	Бірлескен жұмыс жүйесі қалыптасады	Мектеп директоры, директордың орынбасарлары
Білім беру үрдісінде әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету				
2	«Озық тәжірибе – ортақ қазына» тақырыбында STEM бағыты бойынша ашық сабақтар өткізу	қараша	Тиімді әдіс – тәсілдер таратылады	Пән мұғалімдері
3	Пәндік зертханалық және практикалық жұмыстар: Зертханалық жұмыстар бойынша бірлескен сабақтар ұйымдастыру	қаңтар	Зерттеушілік дағдылары дамиды	Пән мұғалімдері
4	Жас педагогтерге тәлімгерлік және әдістемелік қолдау көрсету	ақпан	Жас мұғалімдердің кәсіби дамуы қамтамасыз етіледі	Тәлімгерлер
Педагогтің кәсіби дамуына әдістемелік қолдау көрсету				
5	Білім сапасын арттыруға арналған пәндік коучингтер	наурыз	Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі артады	Тәлімгер мұғалімдер
6	Сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану бойынша тәжірибе алмасу	сәуір	Цифрлық құзреттілік артады	Информатика пән мұғалімдері
Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру				
7	Бірлескен пәндік апталықтар, интеллектуалдық сайыстар өткізу	желтоқсан	Оқушылардың қызығушылығы артады	Пән бірлестіктері

8	Магниттік мектептердің пән мұғалімдеріне жеке әдістемелік кеңес беру	Жыл бойы	Мұғалімдерге жеке қолдау көрсетіледі	Тірек мектеп мұғалімдері
Білім олқылықтарының орнын толтыру				
9	Оқушылардың оқу жетістіктерінің аралық мониторингі	желтоқсан	Нәтижелер салыстырылады	Әкімшілік
Оқу – тәрбие процесінде психологиялық сүйемелдеу				
10	Психологиялық тренинг сабағы	қаңтар	Оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыру	Мектеп психологы, тәрбие орынбасары